

2017 жылы қаржыландырылған жобалардың негізгі нәтижелері

Университеттің ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметі ҚР Үкіметінің жанындағы Жоғары Ғылыми-техникалық кеңес (ВНТК) мәжілісінде келісілген 2015-2017 жылдарға арналған ғылым дамуының басым 5 бағыты бойынша жүргізілді:

1. Елдің интеллектуалды әлеуеті;
2. Ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар;
3. Энергетика және физика;
4. Өмір туралы ғылым;
5. Табиғи ресурстарды тиімді қолдану, шикізат және өнімдерді қайта өңдеу.

2017 жылы Абай атындағы ҚазҰПУ-да 13 ғылыми-зерттеу жобасы жалпы 93 612 988 тенге көлемінде орындалды, соның ішінде:

1. ҚР БЖҒМ гранттық қаржыландыру аясында іргелі зерттеу тақырыбы бойынша – 12 жоба, жалпы 90 198 988тг көлемінде;
2. Шаруашылық келісімшарттар бойынша – 1 жоба, жалпы 3 414 000тг. көлемінде орындалды.

Ғылыми зерттеулерді қаржыландыру төмендегі кестеде көрсетілген:

Қаржыландыру(тенге)	2015 ж.	2016 ж.	2017ж.
Барлығы	20/ 164 899 008	17/ 135 202 131	13/ 93 612 988
Республикалық бюджеттен	18/ 143 439 008	15/ 133 597 131	12/ 90 198 988
Бюджеттен тыс қаржы	-	-	-
Шаруашылық келісімшарттар бойынша	2/ 21 460 000	2/ 1 605 000	1/3 414 000

«Устройство для разделения углеводородной газовой смеси на компоненты с заданными свойствами методом конвективной диффузии» проекті (НИИ Экспериментальной и теоретической физики КазНУ имени аль-Фараби, КазНПУ имени Абая, Атырауский университет нефти и газа консорциумымен жасалған) **«Созидательная энергия»** зонасында ұттық павильонда **«Казахстан» ЕХРО-2017** қойылды.

Дүниежүзілік Банкпен бірлестікте аға ғылыми қызметкерлер және кіші ғылыми қызметкерлер (ГСНС) тобындағы жобаларды коммерциализациялау бойынша «Өнімді инновацияларды ынталандыру» атты жобасы аясында өткен байқауда «Изготовление опытно-промышленных

образцов дисковых гидротурбин и комплектующих для микроГЭС разной мощности и организация их промышленного производства» атты Лысенко Виктор Степановичтің жобасы **300 млн.** теңгеге келісім алды.

Егер 2015-2017 жж. арналған гранттық қаржыландыруға арналған байқауда университеттің **18** жобасы **165 млн теңгеге** шыққан болса, 2018-2020 жж. университеттің профессорлық-оқытушылық құрамы **23** гранттық жобаны конкурс бойынша жеңіп алды, жалпы көлемі **570 млн. теңге**. Осы жылы бағдарлы-нысанды жобалар байқауында «Формирование и трансформация социокультурной идентичности в Казахстане на опыте научных школ и моногорода (XX-нач.XXI вв.)» **120** млн тенге. (Программаның ғылыми жетекшісі - Койгельды М.К.). Сонымен бас-аяғы **690 млн.** болып тұр, яғни алдыңғы кезеңмен салыстырғанда **3 еседей** артқан. Бұл да ПОҚ ғылыми жобалар даярлауға белсенді ат салысқандығының, ҰҒК-ке мүше болған профессорлардың университет жобаларына жанашырлық танытып, қорғай білгендігінің – демек ортақ корпоративтік бірліктің нәтижесі деп білемін.

Осы жобалар ЖҒТК (ВНТК) белгілеген жаңа басым бағыттарға негізделген:

- табиғи, соның ішінде, су ресурстарын, геологияны тиімді пайдалану, қайта өңдеу, жаңа материалдар және технологиялар, қауіпсіз өнім және конструкция;

- «Мәңгілік ел» ғылыми негіздемесі (XXI ғасырдағы білім, гуманитарлық ғылым саласындағы қолданбалы және іргелі зерттеулер).

Осы тұста мен ғылыми мектептер мәселесіне тоқтала кеткім келіп отыр. ЖОО-дағы ғылым перспективасы ғылыми коллективтерге барып тіреледі. Демек, кафедралар алатын орны зор. Кафедра меңгерушісінің ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмысына көп нәрсе байланысты, ҒЗЖ тиімділігі де соған сай.

В настоящее время в официальных документах нет четких определений, разграничений и отличительных признаков научных школ. Недавно в журнале **«Ректор вуза»** нашла такое определение **научной школы** «это сложившийся коллектив исследователей, **объединенных совместной научной деятельностью по нескольким направлениям (темам) под руководством лидера.** Ключевой фигурой научных школ является ее руководитель - лидер, обладающий особыми исследовательскими и что также важно, личными качествами, позволяющими сплотить вокруг себя научно-творческий коллектив. При таком ученом объединяется группа соратников и учеников, которые **разделяют его научные идеи и общие теоретические принципы, методологию исследования.** Осыған қарап,

Бейсенова, Қойгелді, Абылқасымова, Құлбек, Купчишин, Оразбаева және т.б. сынды ғалымдардың қазіргі таңда өзіндік ғылыми мектеп лидерлері екендігін айтуға болады.

Қазақстанның Үшінші жаңғыруы жолдауының экономиканы жедел технологиялық модернизациялау басымды бағыты аясында – Үкімет **«Сандық Қазақстан» (06.11.2017ж.) бағдарламасын** даярлап, қабылдады. Аталған бағдарламаны жүзеге асыруға қатысу мақсатында Абай атындағы ҚазҰПУ бірнеше бағытта жұмыстарды жүргізеді. Біріншіден, **Сандық университет концепциясы** жасалуда. Екіншіден, ғылым-білім-өндірістің тығыз байланысын орнату үшін университетте сандық және коммуникациялық платформаларды дамытумен байланысты ғылыми жобалар жүзеге асырылмақ. Мысалы, Использование информационно-компьютерных технологий при обучении химии с помощью учебных игр (научный руководитель – Ахметов Н.К.); Образовательная кластерная платформа «Мега-класс» в подготовке учителя в условиях глобализации образования (научный руководитель – Камалова Г.Б.); Формирование дистанционной образовательной среды ВУЗа для обучения маломобильных (неподвижных) студентов-инвалидов (научный руководитель – Мовкебаева З.А.).

Инициативалық имидждік жобалар

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың профессор-оқытушы құрамы жоғары білім беруді дамытудың теориясы және әдіснамасы бойынша бірнеше зерттеулер жүргізеді. Ол ғылыми журналдардағы жарияланымдар, монографиялар, конференция материалдары арқылы дәйектеледі. 2017 жылы Абай атындағы ҚазҰПУ **«Мәңгілік ел» мемлекеттік идеясының** өзекті мәселелері аясында инициативалық имидждік жобаларды жүзеге асырды:

1. **«Ресурсный консультативный центр по инклюзивному образованию для вузов РК»** жобасы (жетекшісі: Мовкебаева З.А.,) «100 нақты қадам»

жалпы ұлттық бағдарламаны, Мүгедектер құқығы туралы конвенция және № 03-3/532 от 05.06.2015 жылғы ҚР БЖҒМ бұйрығына сәйкес жүзеге асады. Ресурстық орталық мүгедектерді зерттейді және Қазақстан Республикасының барлық жоғары оқу орындары үшін оқу-семинарларын ұйымдастырады.

2. **«Республиканская олимпиада магистрантов по педагогическим наукам»** жобасы (жетекшісі: Абдыгаппарова У.М.) педагогикадағы иновациялар және командалық зерттеулер бойынша жұмыс жүргізеді

3**«Реализация технологии подготовки и непрерывного повышения квалификации учителей малокомплектных школ Республики Казахстан (с применением режима OnLine)»** жобасы (жетекшісі – Пірәлиев С.). Жоба

аясында Абай атындағы ҚазҰПУ «Қазақстан Республикасындағы Шағын мектептер академиясы» порталы құрылды <http://vsa.kaznpu.kz>. Педагогтерге оқу-әдістемелік көмек беру мақсатында республиканың 8 облысы бойынша 15 шағын жинақты мектептермен ақпараттық-коммуникациялық байланыс орнатылған. «Хабар» агенттілігімен «Школа on-line» бағдарламасында қазақ және орыс тілдерінде 62 сабақ түсірілген, шағын жинақты мектептердің директорлары мен мұғалімдерінің «Мәңгілік халыққа - информациялық мектеп – шығармашыл педагог – бәсекеге қабілетті оқушы» атты І Республикалық Слет өткізілді.

4.«Формирование у населения навыков здорового питания и безопасности пищевых продуктов» жобасы (жетекшісі: Балгимбеков Ш.А.), «Саламатты Қазақстан» Ұлттық бағдарламасына ендірілген. Жобаның жаңалығы, ағартушы кампания алғаш рет интернетте әлеуметтік желі арқылы жұмыс жүргізді, зерттеу созылмалы жұқпалы аурулардың алдын алуға бағытталды.

Халықаралық жобалар

Университет ERASMUS+, ЮНЕСКО-ның серіктестік бағдарламасы, Жапония қоры, шет елдік университеттер мен ғылыми орталықтардың және халықаралық ұйымдар мен қорлардың бағдарламалары мен жобаларын жүзеге асыруға қатысады.

Университетте шет елдік ЖОО-мен біріккен жобалар жүзеге асады:

1. «Атлас города Алматы» жобасы УСПС, ИФЕАК-пен бірге. (Орталық Азияны зерттейтін Француз Институты);

2."Исследование социо-экологических проблем Аральского моря в рамках образования для устойчивого развития" жобасы - Цукуба Университеті (Жапония) біріге атқаратын жобасы;

3. «Партнерство между институтами - германистами» жобасы ДААД-мен біріге жүргізіледі;

4. «Вопросы модернизации в системе высшего образования» жобасы Фрайбург педагогикалық университетімен біріге жүзеге асырылады(ФПУ);

5.«Нематериальное культурное наследие Казахстана» - ЮНЕСКО және ИСЕСКО ісі бойынша ҚР Ұлттық комиссиясының жобасы ЮНЕСКО-ның педагогикалық кафедрасы және Абай атындағы ҚазҰПУ-дың біріге жұмыс істеуі арқылы жүзеге асады.

Шаруашылық келісімдік жобалар

2017 жылы Абай атындағы ҚазҰПУ қызметкерлері физикалық тұлға-орындаушы ретінде шаруашылық келісім бойынша 1 жобаны жүзеге асырды:

«Неизотермическое выщелачивание в пороупругих средах» жобасы. Тапсырыс беруші – АҚ «Қазақ-Британ Техникалық университеті»,

орындаушы Абай атындағы ҚазҰПУ-дан – Ж. Байшемиров. Қаржыландыру
көлемі – 3 414 000 тг.